Басқосудың қорытынды сөзін Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, колледжіміздің директоры Әміров Есжан Сарманқұлұлы алып, өнер көрсеткен студенттерге және арнайы шақырылған кештің құрметті қонақтарына алғыс білдірді.

Ақмарал ТІЛЕУҚАБЫЛОВА, Қарағанды гуманитарлық колледжінің 4-курс студенті Қарағанды облысы



АТЫРАУ ОБЛЫСЫ, АҚЖАР АУЫЛЫ

«Отбасы тәрбиесі – ұлттық тәрбие негізі»



Дэл осындай атаумен балабақшамызда ата-аналарға арналған дөңгелек үстел өткізілді.

Шараға балабақша әкімшілігі мен ата-аналар белсене қатысып, аса ұйымшылдықпен өткізді. Дөңгелек үстел барысында «Өз түсінді таңда», «Жағдаяттарды шешу», «Отбасылық пирамида» жаттығулары мен «Жеті май шам» релаксациясы, ата-аналарға арналған сұрақ-жауаптар бөлімдері болды.

Ұйымдастырылған басқосуға қатысқан ата-аналар бала тәрбиесінде кездесетін қиыншылықтардың алдын алуға, баланы бағалауға, сезінуге, түсінуге болатындығын өз пікір-

лері арқылы ашық білдіріп, өздерінің оң бағасын берді. Бала өмірін жақсарту үшін балабақша мен ата-аналар арасында тығыз байланыстың болуы – міндетті қадам.

Басқосу соңында әке-аналар тарапынан ұжымға алғыстар айтылса, балабақша директоры Р.Адиетова алдағы уақытта да осындай іс-шараларға ата-аналарды ұйымшылдықпен қатысуға шақырып, балабақша мен отбасы арасындағы байланысты, ынтымақтастықты нығайту жұмыстарының жалғасатынына сенім білдірді.

Гаухар ЖҰМАШЕВА, №59 «Ақбөбек» балабақшасының психологі

Латын әліпбиіне көшу – заман талабы



Қазақ халқының тарихын зерделеп қарасақ, XX ғасырдың 30-40 жылдары жазылған материалдардың бәрі латын әліпбиімен жазылған көрінеді. Яғни, сол кездегі ғалымдар, қазақ тілі жанашырларының болашақты латын әрпімен байланыстыруы тегін емес.

Бұл әліпбидің тағдыры сол кезде-ақ басталған. Еліміз егемендік алғалы осы мәселе көтеріліп келеді. Әртүрлі пікірлер айтылып, талқыланып, Елбасы Н.Назарбаевтың жарлығымен дыбыстық жүйемізге сай, қолданысқа ыңғайлы қалыпқа келтірілген жаңа нұсқасы бекітілді. Осы латын әліпбиінің жаңа нұсқасын қолдау мақсатында орталығымызда «Жаңғыру – латын әліпбиіне көшуден басталады» тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырылды.

Балабақша әдіскері Г.Қуаны-

шева баяндама жасап, балабақша психологі Г.Жұмашева педагогтерді топқа бөліп, ребустар, кроссвордтар шешкізіп, жауаптарын латын әліпбиі арқылы жазғызып, латынша жазылған сөздерді оқудан жарыстырды. Соңында басқосуға қатысушылар «Латын әліпбиін қолдаймыз» тақырыбында өз пікірлерін білдірді.

Ендеше, бүгінде ел болып қолға алып жатқан латын әліпбиі бүкіл дүниежүзіндегі өркениетті елдерді бір-біріне жақындастыратын, жаһандану заманында тілімізді сақтаудың бірден-бір жолы деп ойлаймыз.

Дөңгелек үстел соңында балабақшамыздың директоры Р.Адиетова ұстаздарға шығармашылық жетістіктер тілеп, ұжымның да латын әліпбиін қолдайтынын айтып, оның болашағының зор екендігіне сенім білдірді.

Жанат СЫРЛЫБАЕВА, №59 «Ақбөбек» балабақшасының тәрбиешісі

TAHLIM

Мамандығым – мақтанышым

Мен алғашқы еңбек жолымның төрт жылын Қырғыз Республикасында бастадым. Казіргі кезде Ю.А. Гагарин атындағы мектеп-лицейінде сегізінші жыл еңбек етіп келемін.



Гүлзада БЕКТУРОВА, Ю.А. Гагарин атындағы МЛ ағылшын пәнінің мұғалімі Ақадыр кенті Қарағанды облысы

Осы уақыт ішінде өзімнің білімім мен біліктілігімді көрсете білуге тырыстым. Тәжірибелі маман, әдіскер ұстаз болуды алдыма мақсат қылдым. Өзім оқытқан шәкіртім Нұршат Құрман мектеп қабырғасында жүріп Эрудит олимпиадасының жеңімпазы болып, жоғарғы оқу орнына 30 пайыздық жеңілдікті иеленді. Сол жеңілдікпен «Болашақ» университетінде төрт жыл оқып, өте жақсы біліммен аяқтап, Қарағанды қаласын-

дағы №66 мектепке жұмысқа қабылданып, ағылшын пәнінен дәріс беруде. «Қазіргі күнде жаңартылған оқыту мазмұны бойынша 5-7 сыныптарға сабақ беремін. Осының бәрі мектепте ағылшын пәнінен оқытқан сіздің білімділігіңіздің арқасы. Мектептен алған терең білімнің нәтижесінде жоғары оқу орнында еш қиналмадым» – деген пікірінен көп нәрсені түюге болады. Бүгінгі таңда оқушыларым республикалық, халықаралық олимпиадаларда жүлделі орындарды иеленуін де, осындай маман болғанын менің ықпалым деп есептейді.

Еліміз егемендік алып, ұлттық өркендеуге жол ашылып, қоғамдағы дүниетанымның жанжақты ғылыми зерттелуіне мүмкіндік ашылған жағдайда ұстаздар үшін түрлі жобалар жазып, оқушы ойлауын, ізденуін, өзін-өзі дамытуына жол ашуға мүмкіндік зор. Әрине, бала ізденісін күшейту үшін мұғалім қызықтыра жетелеу қажет. Осы тұрғыда күнделікті сабақта іздену, шығармашылықпен жұмыс жасауды төселдіруді көздеймін. Ол әрине күн санап жалғасын таба жүргізілуі тиіс.

Күнделікті сабақта өз тәжірибемде оқушының сыни ойлауын дамытуда сыни тұрғыдан ойлаудың мынадай әдістерін қолданамын: миға шабуыл, ой ашар, ойлан, жұптас, топтас, талқыла, ой шақыру, кубизм, болжау, бес жолды өлең, эссе жазу, т. б. Оқу мен тәрбиелеу арқылы оқушылардың сыни ойлауын, шығармашылық қабілетін дамытуда ең бірінші, белгілі тақырыпта эссе жазудан бастадым. Бугінгі күнде оқу-тәрбие урдісін ұйымдастырудың сан түрлі әдіс-тәсілдерін іздестіріп, жаңа технологияларды тиімді пайдаланудың маңызы ерекше. Сондай жаңа технологиялардың бірі - «Сын тұрғысынан ойлауды оқу мен жазу арқылы дамыту». Өз ұлтым қырғыз болғанымен қазақ тілін тез меңгеріп, Қырғыз Республикасынан алған білімімді Қазақстанға келіп, еңбек жолымды қазақша бастағаным мен үшін үлкен қуаныш. Сонымен қатар, қазақ тілінің мәртебесін көтеруге үлес қосуым зор қанағаттану сезіміне бөлейді. «Қазақ-қырғыз бір туған» деген сөз бекер айтылмаса керек. Бұл мемлекеттен өз басым еш бөтенсуді көрмедім. Соның ішінде осы мектептегі ұжымымнан тек қана қолдау, сый-құрмет көріп келемін. Қызым да қазақ тілінде білім алуда. Өз білімімді қазақ баласына бере отырып, білімдерін жан-жақты меңгеріп, ағылшын тілін жетік білсе дегенді арман етемін. Сол үшін де аянбай еңбектенуді дағдыға айналдырудамын. Нұршат сияқты оқытқан балаларым білімді болып, қазақ елінің дамуына зор улес қоса берсе еңбегімнің ақталғаны емес пе?!

Өз әріптестеріме жақсы шығармашылықта еңбек ете отырып, жас ұрпақтың бойына білім нәрін сіңіре, өз ұлтын, тілін, салт-дәстүрін дәріптейтін Отансүйгіш Мәңгілік елдің ұрпағын тәрбиелеп шығарсам мақсатыма жеткенім деп білемін.

хани жаңғыру – ана тілімізді,

аяқтап, Қар

→ HELE

Рухани жаңғыру ұрпақ тәрбиесінен басталады

Қанша уақыт өтсе де өзінің құндылығын, өзектілігін жоймайтын бір маңызды мәселе бар, ол — жас ұрпақ тәрбиесі.



Асылша НҰРМАҒАМБЕТОВА, Қараман ОМ қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Қарасу ауданы Қостанай облысы

Оқушының шынайы өмірге деген көзқарасын қалыптастыруда, рухани жан дүниесін байытуда қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің алатын орны ерекше. Себебі, қазақ тілі баланың тілінің

дұрыс жетіліп, әдеби тілде сөйлеуін үйретсе, әдебиет окушыға беймәлім өмірді танытатын үлкен құрал. Әдебиет арқылы біз оқушыларға ұлттық болмысымызды, асыл қасиеттерімізді танытамыз. Әдебиет адамға өмірді танытып қана қоймайды, ол оны тәрбиелейді. Адамның өмірге көзқарасын танытады, бүкіл өміріне әсерін тигізеді. Қазақ әдебиетіндегі көркем шығармаларды оқыған сайын өмір сырын, Отан, ерлік, елдік, жақсылық пен жамандық секілді ұғымдардың мәнін оқушы терең аңғарады.

Өз халқына, ұлтына деген патриоттық сезімді қазақ ағартушылары Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев шығармаларынан да көруге болады. Ы.Алтынсарин — ең алғаш қазақ балалары үшін халық мұрасына, салт-дәстүріне, ерлік, адамгершілік тәрбиесіне негіздей отырып, оқулық жазған ағартушы. Ол көшпенді елдің баласына ғылым мен білімді, өнер үйретуді армандады.

Президентіміздің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында мемлекетіміздің болашағы айқындалып, Қазақстанның рухани құндылықтарының өзегі көрініс тапқан. Ру-

тарихымызды. VЛТТЫК дәстүрімізді, ата-бабамыздан жалғасып келе жатқан салт-санамызды, мәдени мұрамызды жан-жақты дамыта отырып. өскелең жастардың бойына сіңіру, ұрпақтан-ұрпаққа аманат ету. Бұл бағытта біздің мектепте ауқымды жұмыстар атқарылып жатыр. Атап айтар болсақ «Мәңгілік ел» патриоттық актісін жүзеге асыру мақсатында мектепішілік жұмыс жоспары құрастырылды. Тілдер апталығы аясында «Тәуелсіздік – тұғырым», «Мәңгілік ел – мәңгілік тіл», «Рәміздерім – мақтанышым» және т. б. сыныптан тыс іс-шаралары ұйымдастырылды. Білім ошағында жаз мезгілінде «Жас патриот» әскери-сауықтыру лагері жұмыс істейді. Тіл мамандары бірігіп мектепте «Жас журналист» үйірмесін аштық. Үйірме жұмысының ерекшелігі – оқушыларға кәсіби бағдар бере отырып, олардың үш тілді еркін меңгеруіне көніл бөлінеді. Оқушылар мақалаларын үш тілде, яғни, қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде жазады. Осындай тіл үйірмесінің жұмысы «Үштұғырлы тіл» саясатын іске асыруға мүкіндік береді.

BUELBPIE

Чемпионат по чтению вслух



Термин «чемпионат», как правило, используется преимущественно по отношению к спортивным состязаниям. А вот в школе-гимназии №7 г. Экибастуза в дни весенних каникул в очередной раз прошел общешкольный чемпионат по чтению вслух.

Впервые подобное состязание мы провели в 2016 году и решили, что ежегодно в дни весенних каникул, когда все библиотеки отмечают праздник детской книги, будем читать вслух на чемпионате по чтению. Чтение, как новый «вид спорта», зародилось в Новосибирске в 2011 году.

Сейчас чемпионаты по чтению вслух проходят во многих городах России. В Казахстане, насколько мы знаем, подобные соревнования еще не проходили. Можно предположить, что мы — пионеры этого увлекательного соревнования.

Чемпионат по чтению сродни школьному экзамену. Участники не знают, какие произведения им предложат читать, поэтому к чемпионату невозможно подготовиться так, как это происходит на традиционном спортивном соревновании. Безусловно, участникам может помочь постоянное общение с книгой.

Между собой соревнуются учащиеся 5-6, 7-8, 9-11 классов. Школьники предварительно подают заявку от класса в библиотеку для участия в чемпионате. Жюри оценивает чтение по следующим критериям: понимание текста, техника чтения и артистизм. Наивысшая оценка — 6 баллов.

Чемпионат состоит из двух туров. В первом туре чемпионата 2016 года читчики – именно так называются участники этого состязания – читали русскую классику. 2017 год был юбилейным для классика казахской литературы Г.Мусрепова, и

для чтения в первом туре была выбрана его повесть «Солдат из Казахстана». А в этом году первая часть чемпионата была посвящена 150-летнему юбилею М.Горького, поэтому ребята читали отрывки из его произведений.

Во втором туре 2016 года для чтения были выбраны книги-юбиляры советского периода. 2017 год – юбилейный для нашего Экибастуза, ему исполнилось 60 лет, читчики читали книги, описывающие основные этапы биографии города. Вторая часть конкурса, прошедшего в этом году, была приурочена к 80-летию Павлодарской области, поэтому участникам было предложено почитать рассказы современного павлодарского писателя С.Горбунова. А ученики 9-10 классов читали статьи областной газеты «Звезда Прииртышья», которая в этом году отмечает свой 100-летний юбилей.

Ребята не просто механически читали свои отрывки, школьные библиотекари обращали внимание на проблемы, поднимаемые в произведениях, на их высокую нравственную значимость. Чемпионат по чтению вслух показал, что в век высоких информационных технологий чтение книг актуально. Мы стали очевидцами совершенно уникального по своим масштабам зрелища, направленного на привлечение нашего молодого поколения к чтению. Это необычное соревнование популяризирует чтение художественной литературы и формирует читательский вкус.

А это способствует воспитанию образованной, конкурентоспособной личности с открытым сознанием, что актуально в рамках реализации программы «Рухани жаңғыру».

Светлана АКИМОВА, заведующая библиотекой школы-гимназии №7 г. Экибастуза Павлодарская область

Біз оқыған шығармадан

Қазақ әдебиеті сабақтарында оқу бағдарламасы бойынша Ғ.Мүсіреповтің «Ұлпан» романымен танысқан 9-сынып оқушылары шығарманы оқу барысында оның идеясын ұлттық мүдде тұрғысында қарастырып, көркемдік-идеялық құндылығына талдау жүргізіп, сюжеттік желілеріне, көркемдегіш құралдардың қолданысына да назар аударды.



Гүлайым УГЫБАЕВА, . Атырау қаласындағы хбб нзм қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалім-модераторы

Шығарма тілі мен оқиғасынан, кейіпкерлер бейнесі мен тарихи жағдайлардан, салт-дәстүр көріністері мен халықтың тұрмыс-тіршілігінен түрліше ой түйген оқушылар өз әсерлерімен бөлісті. Олардың жазбаларынан ішкі жан дүниесін, рухани әлемін, кітап оқуға деген құштарлықтарын танып білуге болады. Өз ойларын бүкпесіз жеткізе отырып, Ұлпан тағдырына алаңдаушылық, аяушылық танытқан нәзік сезімдерін байқайсың.

Жұлдыз Жұпқалиева:



Fабит Мүсіреповтің шынайы оқиғаны асқан шеберлікпен суреттеуі нәтижесінде Ұлпан бейнесі мен шығарманың шырғалаң окиға-

лары бір ғана менің емес, мыңдаған адамның жадында сақталып та қалған болар.

Тұлымшағы желбіреген ерке бала Ұлпанның өжет те батыл қыз, сөзі дуалы, ел басқарған көсем, жанашыр жан, тұтас бір рулы елдің анасына айналуы адамды сүйсінтеді, өзіне баурап алады. Алайда Ұлпан тағдырының трагедиямен аяқталуы, сүйсініп оқыған шығармамдағы сүйікті кейіпкерімнің өмірінің соңына жетпей өлімге бас тігуі мені қатты қынжылтты. Роман аяқталды, сөзбен айтып тауыса алмайтын әсерде қалдым.

Дания Ысқақова:



Бұл романды оқып болған соң. біраз ойландым. Аз күннің ішінде Ұлпан бейнесінін мені ерекше баурап алғаны соншалык. өзімнін

апамдай ма, әлде әжемдей ме, жақынымдай қарадым. Шығарманы, кейіпкерді қазіргі өмірмен, қоғаммен байланыстырдым, қазіргі қыздардың тағдырымен салыстырдым. Қазаққа Ұлпандай зерделі де өжет қыздар қажет қой. Қазір де тура Ұлпан секілді қыздар бар ма екен?

Альбина Исатаева:



Адам тағдыры сан қилы жолдардан, асулар мен белестерден тұрады екен. Біраз күн бұрын оқыған шығармам, «Ұлпан» ро-

маны, осындай ой туюіме себепші болды.

Араларында 40 жас айырмашылығы бар Есеней мен Ұлпанның өмірі, екеуінің бірін-бірі іштей ұғысуы, айтпай-ақ түсінісуі, ел қамын ойлап, бар істің шешімін бірге табуы, бірін-бірі қолдап оты-

руы, бақытты шақтары шығарма барысында мені қызықтыра түскен. Алайда Есеней өлгеннен кейінгі Ұлпан өмірінің күрт өзгеруі улкен ойға шомылдырды.

Жанерке Нысанбаева:



Ұлпан нағыз өжет, қазақтың қайсар қызы ретінде менің жүрегімнен орын алды. Оның өмірі маған өмірлік тәжірибедей көрініп,

«ешнәрседен жаңылмау керек» деген ұстаным әкелді.

Басында бәрі нағыз ертегідей басталған Ұлпан өмірі жалғыздыққа ұшырап, сатқындыққа тап болды. Есенейінен, әкесі мен анасынан, жалғыз алданышы Біжікен мен колына алып та улгермеген немересінен айырылған Ұлпан ту сыртынан пышақ ұрған Торсандай екіжүзді, залым күйеу баласынан қорлық көрді.

Ажар Серік:



Өмірінін соңғы жылдары қорлық көріп, сол қорлықпен дүниеден өткен Ұлпан – ерекше жаратылған жан еді. Жас болса да, нәзік жанды әйел жақсылық жасап, жанашыр анасындай қамқор бола білген тамаша адам.

Осындай керемет жанға осыншама қатал тағдыр бұйырғаны, әрине, мені қамықтырды. Бірақ ешбір адам өз тағдырын, болашағын таңдап алмайды. Сондықтан өмірдің тосын жайттарға толы екенін түсіну керек.

Назерке Баданова:



Шығармамен танысқаннан кейін Ұлпанның қатал тағдырының куәсі болдым.

Қысылтаяң шақта ел игілігі үшін еңбек еткен Ұлпанға дүниенің тәт-

тісі емес, ащысы бұйырыпты. Әр оқиға, әр шығарма соңының жақсылықпен, бақытпен аяқталғанын жаным калайтын. Бұл шығарманы әрі қарай жалғастырып, өзгерткім келді. Бірақ шығарманы өзгерткеніммен, тарихты өзгерте алмаймын ғой. Есеней де, Ұлпан да - өмірде болған адамдар, өмірлері шығармада дәл сол күйінде, еш бояусыз өрілген деп ойлаймын.

T¥ЛFA

Жаны жайсаң жанға арналды

Мектебімізде аудан көлемінде білім саласын дамытуға зор үлесін қосқан шебер ұйымдастырушы және ұлтжанды азамат, ҚР еңбегі сіңген мұғалім, ауданымыздың «Құрметті азаматы», озық ойлы ұстаз Мәжит Сағиұлымен (суретте) «70-тің тұғырында тұрған биік, Өмір жолы – өнеге, игі, ізгілік» атты кездесу өтті.

Мәжит Сағиұлының өмір жолымен мектеп директорының оқу ісінің жөніндегі орынбасары, кезінде бірге қызмет атқарған әріптесі Зәмзәгүл Нұрған таныстырып өтті. Индер ауданының білім бөлімінін әдістемелік кабинеті менгерушісі Роза Дәулетова кеш кейіпкеріне арнап арнайы онлайн құттықтауын жолдады.

Шараға Қара-Арна ауылдық округінің әкімі Ерболат Құлхайұлы, Жылыой ауданы білім бөлімінің әдістемелік кабинетінің меңгерушісі Айымгул Сәрсембайқызы, Жылыой ауданы мұғалімдер кәсіподақ ұйымының төрағасы Гүлайым Оржанқызы, ұстазбен дәмдес, сырлас болған ауыл үлкендері Женіс Маханбетов, Өтеп Бақуов, Ақкүміс Оспанова, Роза Қалжанова, бірге қызмет атқарған әріптестері, ардагер ұстаздар Зәру Сабырғалиева, Қымбат Бақуова, Нұржамал Үкиева, Бекболат Сәрсенғалиев, Бабиза Мендіханова, білім нәрімен сусындатқан шәкірттері «Karabatan Utility Solutions» ЖШС логистика бөлімінің бас менеджері Айбек Қалмағанбетов, ТШО мекемесінің операторы Серік Төленов, №13 ОМ бастауыш сынып мұғалімі Нұрсұлу Қиянова, бақылаушы-кассир қызметін атқарған Мәншүк Ерпанаева қатысты.

Кеш барысында қонақтар Мәжит Сағиұлымен қызметтес болған жылдардан танымдық әңгімелер өрбітсе, сөз кезегін алған Мәжит Сағиұлы мектепке қалай басшы болып тағайындалғандығы, алғашқы қиындықтар мен қызықты кезеңдер туралы естеліктер айтты.

Мектеп ғимаратын аралап, мұражайда болып, мұражай мен кітапханаға



200 кітап сыйға тартты. Оқушылар мен ұстаздар «Сізді регби спортымен жақсы айналысты деп естідік. Сіз әлі спортпен айналысасыз ба?», «Сіз Мұқағали ақынмен кездестіңіз бе? Ақын туралы не айтар едіңіз?» және т. б. сұрақтар қойып, жауабын алды. Мәжит ағанын жары Мінәш апай да ауыл өміріне бейімделіп, ұжымдастармен, ауылдастармен қалай етене араласып кеткені туралы қызықты әңгімелер қозғады.

Кездесу кешіне арнайы шақырылған шәкірті Айбек Қалмағанбетов Мәжит ағайға арнап шығарған өлеңіне Атырау қаласындағы Дина Нұрпейісова атындағы халықтық музыка академиясы «Сырнай» бөлімінің 3-курс студенті Райымбек Жанәбіл саз жазып орындады.

Мектебіміздің жас өнерпаздары «Жем сазы» ансамблі «Ерке сылқым» күйін, Бекзат Көбегенұлы «Туған жерім тамаша» әнін, Ермұқан Бержан «Қазағыммен мақтанамын» әнін шырқаса, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері Гулбану Мұханбетқалиева Қонаш Қалдыоразұлының «Айналайын, асыл інім, Мәжит Сағиұлына», Мәншүк Жолдайтегі «Жылыойлық ұстаздардың әзіл арнаулары», Айсана Жұмабергенова Бүркіт Базарбаевтың «Мәжит Сағиұлына арнау» атты аудан баспасөзіне шыққан ақындардың өлеңдерін оқыды. Кешті мектеп директоры Шолпан Унгарбаева қорытындылап, мектеп ұжымы атынан құттықтау хат табыстады.

> Алтынгүл МУХАМБЕДИЯРОВА, №3 ОМ кәсіподақ төрайымы, мектеп ужымы Шоқпартоғай ауылы Атырау облысы

PENULUA

Требуются священнослужители

В Атырауской области ощущается дефицит высококвалифицированных специалистов по теологии. Местное управление по делам религии обратилось к властям нефтяного региона с предложением о ежегодном выделении десяти грантов для желающих получить высшее религиозное образование. В исламских университетах страны и за рубежом на данный момент обучаются 14 атырауских студентов.

Об этом на специальном брифинге сообщил руководитель управления по делам религии Атырауской области Кайрулла Кушкалиев. По словам спикера, в религиоведах с высшим образованием нуждаются не только местные мечети и учебные заведения, но и городской, районные отделы внутренней политики, а также департамент уголовно-исполнительной системы для работы в исправительных учреждениях. По мнению К.Кушкалиева, если гранты будут выделены, то в перспективе решится вопрос нехватки кадров.

Сейчас в атырауских мечетях работает 61 имам из них только 20 имеет высшее теологическое образование. Все остальные священнослужители получили среднее духовное образование либо прошли краткосрочные курсы при Духовном управлении мусульман Казахстана (ДУМК).

В минувшем году местные меценаты выделили 13 млн тенге на стипендии и гранты для 14 атырауских студентов, получающих образование в исламских университетах «Нур Мубарак» в Алматы и ливийском университете «аль-Джинан» в Триполи. Среди них 12 студентов получают дополнительную стипендию. В текущем году шесть атырауских выпускников университета «Нур Мубарак» вернутся в Атырау для работы в мечетях. Кроме того, Атырауский филиал ДУМК и управление по делам религии ежегодно организовывают кур-



сы повышения квалификации для священнослужителей.

С прошлого года в исправительных учреждениях области, где отбывают срок 37 заключенных, осужденных за экстремизм, в рамках программы «Рухани жаңғыру» действует проект «Программа жизни». Цель пятилетнего проекта – возвращение осужденных в социум. В 2017 году теологи и психологи провели с ними 387 встреч в форме разъяснительных бесед и лекций. Позитивная тенденция наблюдается в среде тех молодых атыраусцев, кто самостоятельно покинул страну для получения религиозного образования в арабских государствах. После разъяснительных бесед с их семьями десять студентов вернулись на родину.

- Но это не решает проблемы нехватки высококвалифицированных специалистов по теологии, - подчеркнул Кайрулла Кушкалиев. – Учитывая то, что руководством Атырауской области ежегодно выделяются сотни общеобразовательных грантов для будущих студентов, управление по делам религии вышло с предложением о ежегодном выделении десяти грантов для желающих получить высшее религиозное обра-

В ходе брифинга глава управления озвучил тревожный факт: с началом войны в Сирии в эту страну уехали 54 взрослых атыраусца. Среди них 14 семейных пар, забравших туда своих детей. По последним данным, сейчас в зоне боевых действий находятся 67 юных атыраусцев: двоим уже исполнилось 18 лет, 34 ребенка школьного и 31 – дошкольного возраста.

> Булат ДЖУМАГАЛИЕВ Фото Рахима КОЙЛЫБАЕВА Атырау

От редакции. В порядке послесловия добавим, что министерство по делам религии и гражданского общества РК, образованного Указом Президента Республики Казахстан 13 сентября 2016 года, возглавил Дархан Калетаев.

WEXKE

Рухани жаңғыру – кемел келешектің кілті

Рухани жаңғыру – адам баласының оның ішкі әлемінің жаңаруы, сана-сезімі, жаңа өзгерісті қабылдай білуі. Тарих сахнасына көз жүгіртсек, ұлттың өзегінен нәр ала отырып, бүгінгі таңда өрби түсуіне осы «рухани жаңғыру» дәлел.



Маржанкүл САРСЕМБАЕВА, №3 ОМ қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалім Жетісу ауданы Алматы қаласы

Елбасы айтқандай, күллі жер жүзі біздің көз алдымызда өзгеруде. Әлемде бағыты әлі бұлыңғыр, жаңа тарихи кезең басталды. Күн санап өзгеріп жатқан дүбірлі дүниеде сана-сезіміміз бен дүниетанымымызға әбден сіңіп қалған таптаурын қағидалардан арылмасақ, көш басындағы елдермен тереземізді теңеп, иық түйістіру мүмкін емес. Өзгеру үшін өзімізді мықтап қолға алып, заман ағымына икемделу арқылы жаңа дәуірдің жағымды жақтарын бойға сіңіруіміз қажет.

Қазаққа тән құндылықты ардақтай отырып, жаңа XXI ғасырдың жаңа мүмкіндіктерін де жастар жіберіп алмау қажет. Мәселен, компьютерлік сауаттылық, шет тілдерін білу, мәдени ашықтық сияқты факторлар елдің алға басуына сөзсіз қажетті алғышарттардың санатында. Сондықтан жастар, келешектің кілтін қолға

түсіру үшін төл тарихын ұмытпай, дүниежүзінің жаңалығын қатар ұстап, бәсекеге қабілетті, білімді, білікті болуы шарт.

Елбасымыз рухани жаңғырудың бірнеше принциптерін ұсынды: Бәсекелестік қабілет. Ғаламданудың жанандық жүйесіне еніп, XXI ғасырдың талаптарына дағдыланудың қамына кірісу сапалы табыстың кілті екенін атап айтты. Прагматизм. Біз жаңғыру жолында бабалардан мирас болып, қанымызға сіңген, бүгінде тамырымызда бүлкілдеп жатқан ізгі қасиеттерді қайта тулетуіміз керек.

Президент үшінші қағидасында ұлттық код, яғни, халқымызға тән салт-санамыз, асыл мәдениетіміз бұлардың барлығы бойымызда жалындап, үні шырқалып тұруын баса айтты, сонда ғана алға басулар болатынын ескертті. Білімнің салтанат құруы. Қазіргі таңда білім бағдарламаларының елімізге ұтымды үлес қосып келе жатқанын айта келіп, табыс тізгіні — білімді болашақ жастардың қолында екеніне баса назар аударды.

Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы. XX ғасыр қасіреттерін қаперімізге сақтап, одан сабақ алу және де дүрбелең туғызу экономикалық күйреуге алып келетінін қазіргі кезде болып жатқан әлемдік толқыныстарды мысалға келтірді. Революциялық өзгеріс емес, эволюциялық жаңару алып келуіміз керек екеніне ой қорытты. Қорыта айтқанда, бұл Мемлекет басшымыздың ұтымды қағидасы, халқына деген үндеу өсиеті деп білемін. Ішкі руханиятымыз арқылы, сыртқы өзгерістерді жақсы жағынан қабылдап, жаңғырудың даңғыл жолына түсуге көшбасшымыз болашақ мына бізге дара жол көрсетті.

Қазақ тіліміз бен мәдениетіміз құрдымға кетпей, іргелі, болашағы жарқын елімізге бүгіннен қамданып, әрекет жасап, жаппай рухани жаңғырудың, жанданудың жолына түскен абзал.

Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодыңды сақтай білу болып табылады. Онсыз жаңғыру дегеніңіздің құр жаңғырыққа айналғанмен тең. Руханияттың қазынаға толы жан-жақты жариялымын түсініп, өн бойымыздан өткеріп, маңызын жүзеге асырсақ қана мың жылдық тарихымызда төл мәдениетіміз тұңғыш рет әлемнің барлық құрлықтарына жол тартып, дүниені дүр сілкіндіретін болады.

МАҚТАНЫШ

Талантқа талас жоқ

Ғалым да, шахтер де бас иетін ұлылардың ұлысы – ұстаздар. Мектептің тірегі де, жүрегі де – ұстаз, жас ұрпақтың рухани сәулеткері, қоғам, халық өзінің үміті мол болашағын тапсыратын сенімді өкілі де ұстаз.

Адамның адам болып қалыптасуына ата-аналармен қатар, мұғалімнің де рөлі зор. Осы орайда мектебіміздің жас болса да, бас болып жүрген жас маманы Ақтоты Қошқарованың ерең еңбегі жайында сөз қозғамақпыз. Өз шәкірттерін зерек, озық ойлы маман ғана емес, сонымен қатар, ұлтжандылыққа баули отырып, шәкірттерінің бойына адами, рухани қасиеттерді, ізгілік нұрын себе білетін жан.

Ақтоты Тұлтайқызы 1982 жылы киелі сыр елі жыр елі – Қызылорда қаласында дүниеге келген. 1988 жылы №9 мектептің табалдырығын аттап, 1999 жылы мектепті үздік аттестатқа бітірген. Мектеп қабырғасында жүріп, қазақ халқының ұлттық ойыны тоғызқұмалақпен айналысады. Ал, 1999 жылы С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің физика-математика факультетіне оқуға туседі. 2012 жылы екінші жоғарғы білім алу үшін туған жері Қызылорда қаласындағы Болашақ университетінің спорт және дене шынықтыру факультетіне оқуға түседі. Университет қабырғасында жүріп-ақ, ел чемпионатында тоғызқұмалақ ойыны бойынша ылғи бас жүлдені қанжығасына байлап отыр еді.

Мектебімізде Ақтоты жетекшілік ететін тоғызқұмалақ үйірмесі ұзақ уақыттан бері жұмыс жасап келеді. Тоғызқұмалақ — әлемдік мәдениеттің озық үлгілерімен теңестіре алатын рухани ойы, логикалық ойлау өнері, ұлттық, интеллектуалды спорт түрі болғандықтан, мектеп басшымыз 3.О. Атенова ойын ережесін ағылшын тілінде жүргізуге, халықаралық деңгейдегі жарыстарда оқушылар еркін сөйлеуге және өз ойын

жеткізуге, рухани дамуға үйрету үстінде. Бұл спорт түрінің ерекшелігі адам санасын жетілдіруге, ақыл-ойын кемелдендіруге ерекше күш салады.

Үйірмеге 2-сынып пен 9-сынып аралығындағы оқушылар қатысады. Нақтырақ айтсам, үйірме мүшелігінде 45 оқушы бар. Оқу ошағымыздың шәкірттері соңғы 7 жылда Алматы қаласы бойынша тек бірінші жүлделі орындарға ие болып, республика көлеміндегі сайыстардан жеңімпаз атанып, Алматы қаласының қоржынын медальмен толықтырып, мектептің де абыройын асқақтатты.

Забира Сарсенбаева ҚР спорт шеберіне кандидат. 2013 жылы Шымкент қаласында өткен ел чемпионатында, 2014 жылы Семей қаласында өткен сайыста 1-орындарды, 2016 жылы Ақтау қаласында өткен ел біріншілігінде қола жүлде иегері атанды. Аружан Қуатова ҚР спорт шебері. 2015 жылы ел чемпионатында қола жүлдегер, 2016 жылғы Павлодар қаласында өткен ҚР чемпионатында (16 жасқа дейінгі) 1-орын иегері, 2017 жылы Алматы қаласында өткізілген сайыстың күміс жүлдегері, биыл Астана қаласында өткен сайыста күміс жүлдеге ие болды.

Абылайхан Тұрлығұл ҚР спорт мастері, 2013 жылы Астана қаласында өткен «Жас үміт» турнирінде және 2016 жылы Шымкент қаласында өткен Республикалық спартакиадада күміс жүлде, 2017 жылы Щучинск қаласында өткен сайыста қола жүлдеге ие болды.

Жұлдызды шәкірттер шеруі тек мұнымен шектелмейді. Ел чемпионатында 2, 3-орындарға ие болып, көзге түсіп жүрген шәкірттерін де атап өтпеске болмас. Олар Нұржан Кердасбай, Ерден Ынтымақұлы, Темірлан Бителеу, Аружан Дегенова, Нұржан Нұралиев, Қарлығаш Жақсылық, Нұрсұлтан Бителеуов, Қаршыға Оңалбек, Абылай Абылхан, Жұлдыз Усенова, Диас Қанат.

«Ұстаз болу – өз уақытыңды аямау, өзгенің уақытын аялау» – деп француз ойшылы Жан Жак Руссо айтпақшы, Ақтоты Тұлтайқызы секілді ұстаздардың еңбегі ерен.

ДЕТСКОЕ ТВОРЧЕСТВО

Строители будущего: от машин до подводных лодок

Второй год подряд в Карагандинской области проводится конкурс 3D-моделирования в рамках проекта «Инженеры будущего». Он состоялся в школе-лицее №57 им. С.Саттарова. Заявку на участие в инновационном соревновании подали 72 школы области, а конкурсантами стали ученики среднего звена.

Конкурс организуется областным учебно-методическим центром развития образования (УМЦ РО) совместно с научно-образовательным фондом «Синергия» («Synergy»). Из 130 заявок на участие отобрали лишь 30 лучших проектов: критерии отбора строгие, одна неточность – и проект уже не в финале. Жюри опытное: среди судей были практики в области трехмерного конструирования.

Координатор фонда «Синергия» и председатель жюри Серик Саканов на открытии конкурса рассказал, что в прошлом году к этому событию подключились 60 школ, теперь же заявок в два раза больше. Выросла и сложность заданий, а к числу компетенций, в которых дети демонстрировали свои умения, прибавилось автомоделиро-



вание. В итоге конкурс проводился в двух номинациях: «Трехмерное моделирование», состоящее из трех заданий разной сложности на выбор, и «Автомоделирование», где участники представляли мультимедийную презентацию автомодели. Чтобы избежать необъективных оценок и дискуссий, для жюри создали анонимные листы оценивания без указаний данных об участниках. Был лишь порядковый номер задания, по которому и велось судейство. Жюри оценивали в первую очередь качество исполнения модели, оригинальное дизайнерское решение и соответствие теме «Машины будущего».

Участники показали отличные навыки, а проектировали свои технические произведения в специальной программе «РТС Сгео». Кстати, в ней спектр проектируемых изделий неограничен: в любом случае это сложные машиностроительные механизмы, авто-, авиаи судомоделирование, одежда и обувь, мебель, объекты архитектуры и многое другое. А изобретения конкурсантов порадовали и организаторов, и судей.

Еще на заочном этапе для категории «Трехмерное моделирование» дети создавали машины, детские площадки, школьные дворы, посуду, одежду и танки. А участники

номинации «Автомоделирование» на очном этапе конкурса проектировали подводную лодку, способную передвигаться по воде и суше, летающие машины с крыльями, открытые экологические автомобили, которые не повредят окружающей среде. Ограничений в фантазии не было

Члены жюри остались довольны достижениями ребят и тепло отозвались об их способностях. Директор учебно-методического центра Гульсум Кожахметова отметила, что не каждому взрослому под силу такая сложная и кропотливая работа, а знания в области техники и инженерии сделают ребят более востребованными на рынке труда. Гульсум Шабдановна добавила, что победители впоследствии будут представлять Карагандинский регион на международном уровне. Соревнования, согласился Серик Саканов, – это даже если не победа, то опыт, а потому не стоит упускать шанс попробовать свои силы. Он уточнил, что уже имеются задания на следующий год, и ребятам-участникам будущего конкурса предстоит показать свои знания не только в моделировании, но в черчении, информатике и математике.

Вернемся к победителям: фаворитом конкурса стала команда карагандинского лицея №101 — первые места в обеих номинациях

получили ученики Роман Матросов («Трехмерное моделирование») и Никита Астахов («Автомоделирование»). Второе место в категории «Трехмерное моделирование» разделили Аслан Нурбаев из карагандинской общеобразовательной школы №12, Ренат Абайбеков из общеобразовательной школы №12 поселка Осакаровка, а также Диас Слямханов из балхашской школы-гимназии №7 им. С.Сейфуллина.

Награды за третье место присудили ученику балхашского лицея №2 им. Абая Ердосу Мыктыбеку, Марку Чемезову из жезказганской гимназии №26 и Асанали Рахимберлину из школы-гимназии №7 Балхаша. В номинации «Автомоделирование» победителей меньше: второе место завоевал Алишер Курмаш из школы-лицея №57 им. С.Саттарова, а третье место — ученик школы-лицея им. А.Букейханова из Шахтинска Бахтияр Жарылгасын.

В отборочном туре ежегодного международного конкурса по трехмерному моделированию, который прошел в дни весенних каникул в Санкт-Петербурге, участвовало 10 лучших работ наших школьников.

Анна СТРОКОВА Карагандинская область

CUALLAKUATA

Кәсіподақ қызметкерлерінің додасы

Жақында №102 мектеп-гимназиясында Білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағы облыстық комитеті мен Қарағанды облысының білім басқармасының ұйымдастыруымен XI кәсіподақ спартакиадасы өтті.

Шара «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» Президент Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауында, «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасында, ҚР Кәсіподақтар федерациясы кәсіподақ мүшелігіне ынталандыру, салауатты өмір салтын насихаттау бойынша қойған міндеттерді кәсіподақ ұйымдарының орындауы аясында өткізіліп отыр.

Жылдан-жылға білім қызмет-керлері өмір салтында спорт үлкен мағынаға ие болып, спартакиада өткізу дәстүр болып қалыптасты. Биыл он бірінші рет командалар волейбол, үстел теннисі, шахмат және тоғызқұмалақ бойынша сайысты. Салауатты өмір салтын қолдап қатысып отырған мұғалім-



дер жас ұрпаққа үлгі көрсетуде.

Спартакиаданың жабылу салтанатында Қарағанды, Шахтинск, Саран, Теміртау қалаларынан және Абай, Бұқар-Жырау, Қарқаралы, Нұра, Осақаров аудандарынан келген қатысушыларды Қарағанды облысы бойынша кәсіподақтардың аймақтық бірлестігінің төрағасы Болат Жұмабеков, Қарағанды облысының білім және ғылым қыз-

меткерлері кәсіподағының төрайымы Татьяна Самойлюк, білім органдарының, қоғам өкілдері құттықтады.

Спартакиаданың бірінші кезеңінде, аудандық қалалық спартакиадаларға 12 мыңға жуық білім қызметкерлері қатысты. Қарағанды қаласының №102 мектеп-гимназиясы және №23 орта мектебінде өткен мәрелік сайысқа 500-ге жуық

осы бірінші кезеңнің жеңімпаздары өз аймағының атынан қатысты. Қалалық пен аудандық командаларға бөлек екі айналым ұйымдастырылды.

Қалалық командалар арасында 1-ші орынды Қазыбек би ауданы мен Октябрь ауданы бөлісті, ал 3-ші орынды Теміртау қаласы иеленді. Аудандар командалары арасында 1-ші орынды Қарқаралы

ауданы ұтты, 2-ші орынды Абай ауданы, 3-ші орынды Нұра ауданы иеленді.

Барлық қатысушылар мен жеңімпаздар дипломдармен, құнды сыйлықтармен марапаттал

Қарағанды облысы білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағы

MU3H6 UDEŪ

Международный круг общения

Ученица Назарбаев Интеллектуальной школы физико-математического направления города Актобе Яна Горнбахер выиграла стипендию на обучение колледжа Мальборо, Вермонт, США.

Проект Яны под названием «Международный круг общения» («ICR-International Communicative Round») направлен на решение проблемы общения глухонемых людей. Изобретение ученицы 12 класса представляет из себя один большой круг, состоящий из 12 кругов разного размера, прикрепленных по центру стрелкой. На каждом круге изображены рисунки, буквы и цифры, которые имеют определенное значение. К примеру, цвета обозначают громкость голоса, части лица - эмоции, геометрические фигуры – местоимения. животные обозначают какое-либо действие. В кругу есть даже знаки препинания, обозначенные в виде цветков. При



правильном сопоставлении данный механизм выстраивает необходимую комбинацию, помогая людям с нарушением слуха и речи грамотно и полноценно донести свою мысль. К кругу прилагается сборник символов с их значениями.

Проект юной изобретательницы вошел в топ-25 наилучших идей, и в марте Яна посетила симпозиум в Вермонте, организованный колледжем Мальборо.

По словам Яны, идея возникла после знакомства с учебником СуДжок терапии. К слову, данное направление в медицине подразумевает собой диагностику всех органов, через определенные точки на ладони и стопе человека.

Актобе работает над созданием мобильной версии своего проекта для того, чтобы сделать его более доступным и удобным в применении. «Я мечтаю внести свой вклад в развитие международных отношений и политической культуры Казахстана. Самое главное – верить в себя и свой успех. Реализация проекта и поступление в престижный колледж Америки станет первым и значимым шагом в осуществлении моей мечты», - поведала Яна.

Данагуль ДАРИСОВА, пресс-секретарь Назарбаев Интеллектуальной школы г. Актобе

KOHKYPC KPACOTЫ

Победная весна Альфии

Первой красавицей Казахстана стала 16-летняя студентка Атырауского гуманитарного колледжа Альфия Ерсайын. Жюри отобрало пять финалисток, а «Мисс Казахстан-2018» выбирали сами казахстанцы путем онлайн- и SMS-голосования. Согласно данным на официальном сайте конкурса, за Альфию отдали голоса 4250 казахстанцев.

Финальная стадия в Астане впервые проходила в дни празднования Наурыза. По замыслу организаторов, образы и наряды конкурсанток должны были отобразить глубину духовного наследия Великой степи. Кстати, первый тур конкурса сопровождался демонстрацией сокровищ сакских курганов в виде 3D-графики.

На старте красавицы представили традиционные визитки и исполнили совместный танец под звуки национальных инструментов. Далее состоялось шоу талантов: девушки читали стихи, пели, танцевали, показывали фокусы и гимнастические упражнения. В следующий тур прошли только 15 конкурсанток из 30. Затем красавицы предстали в вечерних нарядах, после чего конкурс продолжили пять лучших. В заключительном туре жюри интересовалось самым полезным советом матери, счастливым моментом из детства, а также просило описать

себя в трех словах, назвать героев страны и сказать, что они больше всего любят в Казахстане.


В топ-5 прошли 18-летняя Сабина Азимбаева из Алматы, 16-летняя атыраучанка Альфия Ерсайын, 19-летняя Маймуна Кулькешева из Астаны, 19-летняя карагандинка Екатерина Дворецкая и 17-летняя Динара Баймуратова из Семея.

Победительницей национального конкурса «Мисс Казахстан-2018» стала Альфия Ерсайын (рост — 178, параметры 91-63-92), студентка второго курса Атырауского гуманитарного колледжа имени К.Дутбаевой. Теперь первой красавице Казахстана предстоит выступить на международном конкурсе «Мисс Мира-2018».

Известно, что Альфия с 13 лет занимается в модельной школе. Увлекается танцами и рисованием, мечтает о счастливой семье и путешествиях. Ее любимый фильм – «Хатико». Естественно, ее ждут многочисленные контракты с люксовыми брендами из мира моды.

Как обладательница короны «Мисс Казахстан-2018», Альфия получила три миллиона тенге. По ее словам, эти деньги она пожертвует благотворительному фонду, дому престарелых и детскому дому.

Булат ДЖУМАГАЛИЕВ Источник фото: Модельное агентство «Vero models» Атырау





MONTEK COLP

Қазыналы Қарағантүбек

Түпқараған – қазыналы Маңғыстау түбегіндегі соңғы жылдары жедел дами бастаған өндірісті де ауылшаруашылықты аудан. 1992 жылы Түпқараған ауданы құрылғалы бері аудан Маңғыстау облысының саяси-әлеуметтік ахуалын қалыптастыруға, білім мен мәдениетті дамытуға өзіндік үлес қосып, түбектегі тарихи оқиғалардың куәсі болып келеді.

Аудан орталығы Форт-Шевченко – тарихы терең қала. Замана сазына қарай талай-талай жағдайларды бастан өткеріпті. Атауы да жиі ауысқан. Тіпті ертеректе ақын аталарымыз: «Аралды барсаң өрдек бар, Ақкетік деген қала бар», – деп те жырға қосыпты.

Ауданымыздан аймағымызға ғана емес, есімдері елге аян адамдар да көптеп шыккан. Олар Қазақстанның көрнекті мемлекет қайраткерлері 1925-1927 жылдары Қазақстан ОАКнің төрағасы болған Жалау Мыңбаев, қазақтың алғашқы атты әскерлер полкінің командирі Төлесін Әлиев, дүниежүзілік маңызы бар деп бағалаған, «Қырымның қырық батыры» атты қымбат қазынаны кейінгі ұрпаққа әдемі жеткізген аса зерделі Мұрын жырау Сеңгірбекұлы, балықшылар арасында елімізде алғашқы Еңбек Ері атанған Ізтұрған



Оразбаев, Қазақстан мен Украина елдерінің достығына дәнекер бола білген өлкетанушы, 20 жылдай Т.Шевченко мұражайын басқарған Есбол Өмірбаев және басқа да ел мерейін өсіруге елеулі үлес қоса білген жерлестеріміздің есімін ұрпаққа үлгі етеміз.

Түпқараған — ауыл шаруашылықты аудан. Халқымыздың «Алтын бесігі — ауыл» десек, аудан қарамағында Сайын Шапағатов, Ақшұқыр, Қызылезен, Таушық ауылдары бар. Кәрі Каспийдің оң жағалауында аядай ғана Қызылезен ауылы орналасқан. Ауылдың солтүстік-батысында қасбеті теңізге қарап білім ошағы — мектеп орын тепкен.

Білім ордасы 2004 жылы «Аджип ҚКО» компаниясының қаржылай көмегімен екі қабатты, 320 орындық болып пайдалануға берілді. Мектепте 28 мұғалім қызмет етеді.

Тәуелсіздік жылдарында ауылымыз адам танымастай өзгерді. Ауыл тұрғындарының соңғы жылдары «Сәубет» жерінен бау-бақша, егіншілікпен айналыса бастауы қуантады. Кәсіпкерліктің кең етек алуы экономикамыздың өсе түсуіне игі ықпал ететіні белгілі. Сондықтан да бұл салаға көмек жасап, қолдау көрсетілуде. Балықшылық та осы жер тұрғындарының ата кәсібі.

Қызылөзен ауылы аумағында тарихи-мәдени ескерткіштер, табиғаты тамаша жерлер көп. Қаңға баба, Саура, Сақақұдық, Қарағашты әулие, Қарлыбас қорғаны, Сұлтан епе, Бура ата тағы да басқа тарихи ескерткіштер күтімге алынып, қорғалуда. Елбасының «Рухани жаңғыру» бағдарламасындағы «Туған жерге тағзым – ұрпақ парызы» демекші, ауылдағы ардагерлер кенесінің төрағасы Көбеген Ізімбергенов ағайдың мұрындық болуымен мектептегі «Өлкетану» үйірмесінің мүшелері, мұғалімдері болып «Бура ата» жер асты мешітін қалпына келтірді.

Ауданымыз Қарағантүбекте болған соң теңізде, оның жағалауында да тарихтың іздері сайрап жатқан таутастар баршылық. Қолдағы мүмкіндікті пайдаланып тарих пен табиғаттың бағасын өсіре түсу мақсатында туризмді дамыту болашақтың ісі. Сонда ол табыстың көзі, тарихтың сөзі болмақшы.

Қызылөзен ауданда өнері өрге жүзген ауылдардың бірі. «Қызылөзен» мәдениет үйі аудандық, облыстық байқауларда жүлделі орындар иеленіп жүр. Жеке кәсіпкерлер сауда нүктелерін ашты. Ауыл ішіндегі жолдар жөнделді. Су тұщытатын қондырғы орнатылып, ауыл халқы таза сумен қамтамасыз етілді. Ауылға газ құбыры тартылып, көгілдір отынның қызығын көрудеміз.

Былтыр әлеуметтік бағдарламалар аясында теңіз жағасында демалыс орны ашылып, пайдалануға берілді. Елбасымыз «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында «Туған жерге туынды тік» деп бекер айтпаған. Патриотизм кіндік қаның тамған жеріңе, өскен ауылыңа, қалаң мен өңіріңе, яғни, туған жеріңе деген сүйіспеншіліктен басталады.

Гүлшат БЕРКІМБАЙ, 3.О. Баймырзаев атындағы ОМ тарих пәнінің жоғары санатты мұғалімі Қызылөзен ауылы Түпқараған ауданы Маңғыстау облысы



Независимое агентство аккредитации и рейтинга




По вопросам размещения рекламы и подписки на газету «БІЛІМДІ ЕЛ – ОБРАЗОВАННАЯ СТРАНА» обращаться по телефонам 87015124250,

87084256340, по вопросам

размещения материалов - 87084254770.

http://bilimdinews.kz





«В моем представлении мозг – это компьютер, который перестанет работать, когда его детали сломаются. Не существу-

ет рая для сломанных компьютеров. Рай – это сказка, которая годится для людей, испытывающих страх перед темнотой»

Стивен ХОКИНГ (1942-2018), английский физик-теоретик

Отсканируйте для быстрого перехода с мобильного телефона на сайт газеты «Білімді ел — Образованная страна» через любое QR Droid приложение.



ALOUOR PIUIWPERA

Реквием по Стивену Хокингу, или Жизнь прекрасна-2

- по вопросам публикации)

Дизайн и верстка: ЭРИК МУРАТОВ

Привет, друзья! Обращаюсь сегодня к самым молодым читателям: скажите, много ли среди вас нытиков, для которых недобор «лайков» в соцсетях — личная драма, а неудача на каком-нибудь телепроекте типа «Х Factor» — целое светопреставление? А то, понимаешь, то тут, то там слышу стенания молодых и здоровых ребят: мол, не могу найти высокооплачиваемую работу, не в состоянии купить «десятый» айфон, да и вообще, жизнь — это... А вам известно, что среди нас живут люди, считающие счастьем ходить на своих ногах, каждое утро видеть родителей и улыбаться на улице прохожим?

Месяц назад не стало Стивена Хокинга. Британский гений скончался в Кембридже в возрасте 76 лет. Еще полвека назад врачи предсказывали ему смерть от бокового амиотрофического склероза. Однако это только подхлестнуло его честолюбие. Мысль о смерти

Месяц назад не стало Стивена сопровождала его давно, но страха кинга. Британский гений скон-пся в Кембридже в возрасте сам ученый, у него не было.

...Миру он запомнился как иссохший пожилой человек с острыми чертами лица, застывшей улыбкой и необыкновенным взглядом, прикрытым очками. Из-за тяжелейшей

болезни ученый не мог ни писать, ни говорить. Напоминая беляевского профессора Доуэля, он делился своими мыслями через речевой компьютер. И мир внимал его словам. С помощью одного своего ума он предостерегал человечество о конце света по вине людей. Не доверял ученый и искусственному интеллекту, ибо однажды человекообразные роботы могут стать умнее своих создателей. В Хокинге восхищала не только его слабость к великим вопросам человечества «Есть ли Бог? Есть ли другая жизнь на просторах Вселенной?», но и желание найти естественно-научное объяснение всех феноменов. Мыслями он стремился к звездам, а на деле действительно собирался отправить в 20-летнее путешествие армию крошечных космических ко-

раблей, чтобы исследовать звездную систему Альфа Центавра. Какая глыба, а?!

Надо признать, такие гении рождаются раз в два-три столетия. И вечный покой они найдут рядом с могилами Чарльза Дарвина и Исаа-ка Ньютона, где и захоронен Стивен Хокинг.

Между тем, и среди нас живут люди с серьезнейшими физическими недугами. Пусть не столь известные, как британский гений-инвалид, но победившие самих себя и ведущие активный образ жизни. Недавно «Казинформ» сообщил о казахстанском параолимпийце, потерявшем обе ноги, но не веру в себя. В 2011 году Серик Есматов лишился ног, но стал без устали работать над собой, и уже через два года его включили в паралимпий-

ский состав сборной Казахстана по волейболу сидя.

– Каким огромным счастьем для меня были первые десять шагов на протезах! – признается, в частности, мужественный спортсмен, обращаясь к молодежи страны. – Не секрет, что для спортсменов-паралимпийцев каждый выход на тренировку, разминку, соревнование – самая настоящая победа над собой, собственным недугом и предрассудками, то и дело витающими в воздухе в отношении людей с ограниченными возможностями.

...Тем временем, для некоторых молодых и здоровых ребят недобор каких-то условных «лайков» – едва ли не конец света. Слабаки вы, однако!..

Ваш Білімбек

SINIMALEA CTPAHA

гва образования и науки Республики Казахстан

Республиканская образовательная общественно-политическая газета «Білімді ел – Образованная страна». Собственник: ТОО «Казахстанская образовательная газета». Свидетельство о постановке на учет №16015-Г, выданное Комитетом связи, информатизации и информации Министерства по инвестициям и развитию

Республики Казахстан от 02.06.2016 г. Подписной индекс 64603. Газета отпечатана в типографии ТОО «Костанайский Дом печати» по адресу: г. Костанай, ул. Майлина, 2/3.

Pyvo

Газета выходит при информационной поддержке Министерства образования и науки РК.

Выпускающий редактор: ЖАНЕТ СУЛЕЙМЕНОВА (тел.раб. 8(7172)254 770, тел.сот. 87084254770

По вопросам размещения рекламы – тел.раб. 8(7172) 256 340, тел.сот. 87084256340

Рукописи не рецензируются и не возвращаются. Любое воспроизведение статей и иллюстраций, перепечатка материалов газеты возможны только со ссылкой на источник – www.bilimdinews.kz. Ответственность за достоверность фактов и сведений, содержащихся в публикациях газеты, несут авторы, в рекламе и объявлениях – рекламодатели. Газета выходит еженедельно по вторникам.

Адрес редакции: PK, 010000, г. Астана, ул. Кабанбай батыра, 58 А НП 18.

E-mail: bilimdi_el@mail.ru

Тираж: 7221 экз. **Заказ:** №485.

Главный редактор: ЛЯЗЗАТ ТУРКЕСТАНОВА



С 1 апреля идет ПОДПИСКА НА 2-ое ПОЛУГОДИЕ 2018 ГОДА



5 плюсов для подписчика

51/11/15 E/1 OBPASOBAHHASI CTPAHA

- самая достоверная и полная информация из первых уст (руководителей МОН РК, областных управлений, городских и районных отделов образования, АО «НЦПК «Өрлеу», АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы», вузов, профсоюзных организаций и других профильных учреждений)!
- спецвыпуски, эксклюзивные интервью, аналитические материалы, очерки и зарисовки о неординарных личностях!
- специализация издания дает возможность регулярно знакомиться с передовым опытом коллег и получать ценные знания, необходимые для профессионального роста!
- право каждого индивидуального подписчика на публикацию в объеме 300 слов с фотографией и бесплатным дублированием материала на портале www. bilimdinews.kz!
- обеспечение обратной связи!

И еще один +: участие в розыгрыше призов от редакции среди подписчиков на 2-ое полугодие, главный из которых - телевизор! Ждем ваши квитанции на адрес bilimdi_el@mail.ru

Ищите во всем только плюсы!



Всегда с вами, редакция «БІЛІМДІ ЕЛ – ОБРАЗОВАННАЯ СТРАНА»